

1. Бөбекжай басшысы туралы мәлімет
2. Бөбекжай туралы мәлімет
3. Бөбекжайдағы топтар туралы мәлімет
- 4.Штаттық кесте
- 5.Мемлекеттік сатып алу
- 6.Қамқошылық кеңес
- 7.Ата-аналармен жұмыс
- 8.Күн ережесінің орындалуы (тамақтану,серуен және т.б.)
9. Әдістемелік бөлім
10. Мерекелік іс-шаралар
- 11..Бөбекжай жетістіктері: а) педагогтер жетістігі;
ә) тәрбиеленушілер жетістігі
- 12.БАҚ жарияланым
- 13.Фотогалерея

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Жаңаөзен қаласы
бойынша білім бөлімінің**

**«№4 «Самал» бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны**



Бөбекжай басшысы: ЖАНБОСЫНОВА ЛАЗЗАТ САУИРБАЕВНА

Білімі: Жоғары

Лауазымы: Директор

Пед.өтілі: 33жыл

Бөбекжай туралы мәлімет

Ашылған уақыты: 17.12.1985 жыл

Қамтитын бала саны: 140

Педагогтар саны-13

Жоғары білімді -5;

Арнаулы орта –8;

Педагог-модератор – 6;

Бөбекжайдағы топтар туралы мәлімет

№ 1 «Балапан» ортаңғы топ (3-4 жас аралығы);

№ 2 «Ақшағала» ортаңғы топ (3-4 жас аралығы);

№ 3 «Бұлбұл» ересек тобы (4-5 жас аралығы);

№ 4 «Аққу» ересек тобы (4-5 жас аралығы);

№ 5 «Ақсұңқар» ересек тобы (4-5 жас аралығы);

№ 6 «Ақкөгершін» МАД тобы (5-6 жас аралығы);

Әдістемелік бөлім

Бүгінгі өсіп келе жатқан сәбилер ертеңіміздің жалғасы. Әрбір баланың қоғамдағы өз орынын табуына, өзіндік ой пікір қалыптасқан, кез келген уақытта мәселенің, шешімін таба алатын салауатты да, сауатты жеке тұлға болып қалыптасуына бөбекжай ұжымы өз үлесін қосуда. 2024 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы өзгерістер мен басым бағыттарын назарда ұстай отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды оқу-бағдарламасының міндеттерін игеру мақсатында оқу-тәрбие жұмыстарын жан-жақты өткізу үшін бөбекжайдың педагогикалық ұжымы үлкен ізденіс үстінде. Олар тәрбиеленушілерге саналы тәрбие мен сапалы білім беру үшін іс-әрекеттерді көрсету, іс-тәжірибелермен бөлісу арқылы ғана қол жеткізетінін түсінді. Сондықтан, тәжірибелі ұстаздар жас мамандарға кіріктірілген іс-әрекетті балалармен ойын түрінде өткізу методикасын көрсетуді жөн көрді. Бұл жұмыстарды бөбекжаймыздың тәжірибелі басшысы Жанбосынова Лаззат Сауирбаевна ұйымдастырып, арнайы жоспар, кесте құрып, педагогтерге жеке-жеке кеңесін беріп, әдістемелік көмек беруде. Бөбекжайымыздың тәжірибелі педагогтары Убинова Д.Н, Ещан А.Б, Жылқыбаева А.А жас мамандар балаларға педагогтің өз түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардан өз бетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру арқылы ғана нәтижеге жететіндерін түсінді. 2024 жылдың қыркүйек айының 2 –ші жұлдызында балалар жадыраған жазды аяқтап, жомарт күздің алғашқы күні 1-қыркүйек білім күні мерекесіне орай топ тәрбиешілері тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін өткізді. Бұл ата-аналар үшін де, балалар үшін де, тәрбиеші үшін өте қуанышты күндердің бірі. Жаз бойы демалған оқушылар үлкен сағынышпен мектептеріне оралып жатса, балабақша балалары да өз жастарыңа лайықты білім алып, тәрбие алып жүр. Білімге талпынған балапандар қанаттарың қатая берсін!







2024 жылдың қыркүйек айының 27 жұлдызында «Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі» тақырыбында ата-аналар және бөбекжай ұжымымен жиналыс өткізілді.





Мерекелік іс-шаралар

№4 "Самал" бөбекжайында 25 Қазан Республика күніне орай "Менің Отаным-Қазақстан" атты арнайы жоспар бойынша мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

№1 «Балапан» ортаңғы тобында «Менің Қазақстаным!» атты ертеңгіліктер өткізілді.
Тәрбиеші: Құлатаева Г.Ж

№4 «Аққу» ересек топ "Берекелі мекенім" атты концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Тәрбиеші: Калбаева А.Т.

№5 «Ақсұңқар» ересек топ «Менің Отаным Қазақстан!» атты ертеңгілік өткізілді.
Жылкыбаева А.А

№2 «Ақшағала» ортаңғы топ «Қазақ елі менің-Отаным» атты ертеңгілік өткізді.
Джемуратова Г.О

№3 «Бұлбұл» ересек топ «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» атты ертеңгілік өткізілді. Тәрбиеші: Доштаева Т.Б

№6 «Ақкөгершін» МАД тобы «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным!» атты ертеңгілік өткізілді. Тәрбиеші: Ещан А.Б. Мерекелік іс-шара жоғары деңгейде өтті.

Балалар патриоттық әндер айтып, би билеп, ойын ойнап, өлеңдер оқыды. Әндер, өлеңдер, ұлттық ойындар барлық қатысушыларға қуанышты көңіл-күй сыйлады. Іс-шарада жас ұрпақты отан сүйгіштікке тәрбиелеу мәселесіне көп көңіл бөлінді. Мерекелеріңіз құтты болсын! Ашық аспан жарқын болашақ тілейміз!

"№4 "Самал" бөбекжай ұжымы.



Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық — қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі. Бұл тек жеке адамдардың емес, бүкіл қоғамның қауіпсіздігі мен болашағына төнген қауіп. Халықаралық «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы әлем бойынша әйелдерге және қыздарға қарсы зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне қарсы күрес жүргізу мақсатында бөбекжайымызда мамандармен іс-шара ұйымдастырылды.



№4 «Аққу» ересек тобы, ұйымдастырылған іс-рекеті тақырыбы: «Менің отбасым»
Максаты: Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру. Сөйлем құрап айтуға, дыбыстарды анық, таза жеткізе білуге дағдыландыру. Отбасында үлкендерді сыйлап, кішкелерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. Сөйлеу тілін дамыту бойынша білімдерін, дағдыларын қалыптастыруын анықтау.

Тәрбиеші: Чаудырова Гульшат Борамбаевна



№5 «Ақсұңқар» ересек тобы ұйымдастырылған іс-әрекеті тақырыбы: «Менің отбасым». Мақсаты: «Отбасы» туралы түсініктерді, отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, алғыс ату. Қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу. Шығармашылық қиялды дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тәрбиеші: Жылқыбаева Ақкенже Абдешқызы





№6 «Ақкөгершін» мектепалды даярлық, тобы. Ұйымдастырылған іс-әрекеті тақырыбы: «Сиқырлы гүл» (тәжірибелік жұмыстар барысында ұйымдастырылған). Мақсаты: Жана үлгілік оқу бағдарламасындағы міндеттерді орындау мақсатында, балаға зияткерлік дағдыларын үйрету үшін түрлі эксперименттер өткізе отырып, баланың коммуникативтік, танымдық, шығармашылық дағдыларын меңгерту.
Тәрбиеші: Убинова Дидар Нурпеисқызы





Қазақстан тәуелсіздік күні - еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі. Бұл күн - ата-бабаларымыздың арманын жүзеге асырған, егемендіктің символы. «N° 4«Самал» бөбекжайындағы» кішкентай бүлдіршіндерімізге отансүйгіштік сезімін ұялату мақсатында, N°4 «Аққу» ересек тобында тәрбиеші Калбаева Алтын Толыбековна 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік болашақтың кепілі» атты тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.

https://www.instagram.com/reel/DDer56IMC_W/?igsh=OXNoNTNrZmtiaTc4

Балаларды Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеуге бүгінде бөбекжайымыздың N°1 «Балапан» ортанғы тобы тәрбиешісі _ Ризабекова Раушан Базарбаевна «Бүгін Тәуелсіздік күні мерекесі» атты тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.

https://www.instagram.com/p/DDrAIEsMf9/?img_index=1&igsh=MTJzYWU3ZmgxZW82bA==

Тәуелсіздік ұғымының мән-мағынасын ұғындыру, оны бағалауға, қорғауға тәрбиелеу мақсатында «N°4 «Самал» бөбекжайының» N°2 «Ақшағала» ортанғы тобында, «Тәуелсіздік күні!» атты тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілді. Тәрбиеші:

Джемуратова Гульназ Онгарбаевна

<https://www.instagram.com/reel/DDrBjaxsdVF/?igsh=MWpuMTQ0ZjdYnJ6cw==>

Бүгінде Қазақстан - әлемге танымал, беделді мемлекет. Біздің еліміздің жетістіктері бүкіл әлемді таң қалдыруда. Еліміздің болашағы біздің қолымызда. Біз білімді, еңбекқор, патриот болып өсуіміз керек деген мақсатпен бөбекжайымыздың N°3 «Бұлбұл» ересек топ тәрбиешісі Боканова Рита Наурызбайқызы «Тәуелсіздік-

тірегім!» атты тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.
<https://www.instagram.com/p/DDsVrdgsy0g/?igsh=NWJoNWR3MW4xZGhx>

Тәуелсіздік - біздің ен басты құндылығымыз. Ол - біздің бостандығымыздың, еркіндігіміздің кепілі. Бөбекжайымыздың тәрбиешісі Жылқыбаева Аккенже Абдешовна №5 «Ақсұнқар» ересек тобына «Қазақстан Тәуелсіздігі!» атты тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.
<https://www.instagram.com/reel/DDsWTNqMc2T/?igsh=MXZ5c3g0NGlyN21jeQ==>

Тәуелсіз еліміздің болашағы – жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, туған жері мен елін, сүйеге оны корғай білуге тәрбиелеу мақсатында № 4 «Самал» бөбекжайының №6 «Ақкөгершін» МАД тобы тәрбиешісі Ещан Айдана Бекибайқызы «Тәуелсіз елдің ұланымыз!» атты тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет өткізді.
<https://www.instagram.com/p/DDsYh3CMf3V/?igsh=NjQ0dXMycjk4ZzFm>

Жаңа жыл ертеңгіліктері 26-27.12.2024ж.

№1 «Балапан» тобы «Келді міне , Жаңа жыл!» атты ертеңгілігі.
<https://www.instagram.com/reel/DEP4B-vM9yo/?igsh=YzJtNnFzbWE2eGJ6>

№2 «Ақшағала» тобы «Төрлет, Жаңа жыл!» атты ертеңгілігі.
<https://www.instagram.com/reel/DEP6-JOMpbB/?igsh=MTl3aTV4ZWpnYzhhdA==>

№3 «Бұлбұл» тобы «Келді міне , Жаңа жыл!» атты ертеңгілігі.
<https://www.instagram.com/reel/DEPUbN6stGw/?igsh=MXdhcGF5cTM4c2s0NQ==>

№4 «Аққу» тобы «Шырша тойын тойлаймыз!» атты ертеңгілігі.

<https://www.instagram.com/reel/DEPVMToMKv2/?igsh=ZXR4cWJ0cm01bzE1>

№6 «Ақкөгершін» тобы «Ән шырқаймыз жасыл шырша жанында» атты ертеңгілік.

<https://www.instagram.com/reel/DEZZcw-MVGw/?igsh=MWJxNW8wem96ZHNyeg==>

Бөбекжайымызда "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру аясында, "Қазақстан менің туған өлкем" атты сурет байқауы өткізілді. Байқауға бөбекжай ересек және мектепалды даярлық топтарының тарбиеленушілері қатысты. Байқаудың мақсаты: балалардың шығармашылық, қабілеттерін дамыту, отан сүйгіштікке тәрбиелеу, туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III орындар бойынша анықталды. Жеңімпаздарға дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталды. Барлық қатысқан балаларға алғыс хат пен сыйлықтар берілді.

<https://www.instagram.com/p/DFs1MOHN1ny/?igsh=MTZqdGdyMDQzNXgyNg==>

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің «№4 «Самал» бөбекжайы», Әбіш Кекілбайұлының 85 жылдық мерейтойына ұйымдастырылған іс-шара Тақырыбы:

«Заманымыздың заңғар тұлғасы».

<https://www.instagram.com/reel/DFuUK7ztFif/?igsh=anV1NnBmY2g5dWxn>

№4 "Аққу" ересек тобының тәрбиешісі Калбаева Алтын Толыбекқызы "Жыл мезгілдері" тақырыбында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өткізді. Мақсаты: Балаларға табиғаттағы құбылыстар жөнінде жалпылама және нақты түсініктерді қалыптастыру. Жылдың төрт мезгілін айыра білу дағдыларын

бекіту. Дамытушылық: Балалардың сөздік қорын, ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Зейінділікке, ұстамдылыққа, тапқырлыққа баулу. Тәрбиелік: Балаларды табиғатты қорғауға, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.
<https://www.instagram.com/reel/DGA5ePmt3cD/?igsh=MTlwaDhudGdyaXlsbA==>

№5 "Ақсұңқар" тобында тәрбиеші Жылқыбаева А.А танымдық және зияткерлік дағдыларын қалыптастыру бойынша ашық оқу-іс әрекетін өткізді. Мақсаты: Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. Балалардың ой-өрісін, қол моторикасын, танымдық қаблеттерін дамыту. Сандарды санау, салыстыру, геометриялық, пішіндер туралы білімдерін дағдысын қалыптастыру.
<https://www.instagram.com/reel/DGVtLo4sBPM/?igsh=dWgwbjl5OTRheXA3>

Балалардың қауіпсіздігі - басты назарда! Өрттердің алдын алу және балалардың өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімін арттыру мақсатында "№4"Самал" бебекжайы" "Бірінғай өрт қауіпсіздігі күні" республикалық акциясы аясында іс-шаралар өткізді. №6 "Ақкегершін" МАД тобының тәрбиешісі А.А.Ещан «Жас өрт сөндіруші» сюжетті-рольді ойын өткізді. Ортаңғы топтар арасында эвакуациялық ойын-жаттығулар өткізілді.
<https://www.instagram.com/reel/DGdHtj0NAeu/?igsh=NXd3NHQyZXgwMjQ3>

"Аяулы ана, инабатты қыз" тақырыбында №5 "Ақсұңқар" ересек тобының тәрбиешісі Жылқыбаева А.А аналардың қатысуымен мерекелік байқау өткізді. Мақсаты: Балаларға 8-наурыз халықаралық мейрамы екенін ұрындыра отырып, аналарын ешқашан ренжітпеуге, қолқанат болуға, әрқашан құрметтей білуге тәрбиелеу.
<https://www.instagram.com/reel/DHDN3Dat2EG/?igsh=ZWVyMW4wb2Zpamhm>

№1 "Балапан" ортаңғы тобының "Ана өмір шырағы" атты аналар мерекесіне арналған ертеңгілігі. Тәрбиеші: Ризабекова Р.Б
<https://www.instagram.com/reel/DHFam9loSc8/?igsh=MWNyNWwycnJvYjhx>

№ 4 "Аққу" ересек тобының "Асыл ана, ақ жаулықты әже" тақырыбындағы аналармен әжелер мерекесіне арналған ертеңгілік. Тәрбиеші: Чаудырова Г.Б
<https://www.instagram.com/reel/DHFbSMVoQS5/?igsh=MjJzbDlmdXUyZDFh>

№6 "Ақкогершін" МАД тобының аналар мерекесіне арналған "Ана-өмірдің шуағы" атты ертеңгілігі. Тәрбиеші: Убинова Д.Н
<https://www.instagram.com/reel/DHFeH7xtZbx/?igsh=MWRtYnV6MGtwbnZ3dQ> = =

№3 "Бұлбұл" ересек тобының "Ардақтайық ананы" атты аналар мерекесіне арналған ертеңгілігі. Тәрбиеші: Доштаева Т.Б
<https://www.instagram.com/reel/DHFe3cstPWv/?igsh=MXE0czB4eTdxemlxbQ> = =

Консультативтік пункттің жұмыс жоспарына сәйкес "Балабақша және отбасы" челленджі. **Тәрбиеші:** Доштаева Т.Б
Анасы: Сансызбаева Гулназ Келдибаевна
Тәрбиеленуші: Конысбек Гулназ Жанболатқызы
<https://www.instagram.com/reel/DHS7q8Ft5h3/?igsh=NXRmZmk1Z2txdmVt>

Консультативтік пункттің жұмыс жоспарына сәйкес "Балабақша және отбасы" челленджі. **Тәрбиеші:** Жылкыбаева А.А
Анасы: Жалғасбай Ұлжан Талғатқызы

Тәрбиеленуші: Қарасай Мөлдір Рызабекқызы

https://www.instagram.com/reel/DHS_BrQNUge/?igsh=cXB0NWU0cnJnanQ0

Амал келді – жыл келді! Бір жастарыңыз құтты болсын.

<https://www.instagram.com/reel/DHXuq2GNgf-/?igsh=aXcxMjdrczJ5MDNx>

"НАУРЫЗНАМА" онкүндігі аясындағы іс-шара. 14 наурыз - Көрісу мейрамы, амал мерекесі.

Көрісу күнінде халық қыстан аман - есен шыққанына қуанып, бір - бірімен қол алысады. Бұл күні барлық өкпе - реніш ұмытылып, кешіріледі. Таң, сібірлеп атысымен, көрісу мерекесін асыға күтіп отырырған әрбір отбасы алдын ала дайындалып қойған дастарханын жаяды. Отбасының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп, кеөісіп шығады. Бір - біріне «Бір жасынмен!» дейді. Ол «Бір жасқа есеюіңмен!» Осы жылға аман - есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді. Содан кейін әр отбасы көршілерімен көріседі. Жасы кіші отбасы мүшелері жасы үлкен жанұяларға кіріп, көрісіп шығады.

<https://www.instagram.com/reel/DHXwGo4tz5W/?igsh=MWZ1MnV5ZzQ3am50Yw==>

Наурызнама онкүндігі аясында 15 наурыз - Қайырымдылық, күніне орай N°3 "Бұлбұл" ересек тобымен тәрбиеші ДоштаеваТ.Б қаламыздың ардагерлер үйіне барды. Шараның мақсаты - мейірімділік пен жылулық тарату, Наурыз мерекесінің негізгі құндылықтарын насихаттау.

<https://www.instagram.com/reel/DHXyJBoNBq-/?igsh=MXZyeDhyMHlkMGEwaw==>

Наурызнама - Ұлы дала дәстүрлерін жаңғырту және қоғамдағы біріктіретін жаңа құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «N°4 «Самал» бекбайы», N°6 «Аккегершін» мад тобының балаларымен тәрбиеші Ещан А.Б «Бес табан» ойының «Асық жинауда бір өнер» дәстүрін өткізді. Мақсаты: Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырта отырып, балаларға асық тарихына шолу жүргізу. <https://www.instagram.com/reel/DHX1ltgtz-w/?igsh=MTJzdjBsNzdvemt4NA==>

Ұлыстың ұлы күні - «Наурыз» халықтық мерекені атап өтуге арналған онкүндік өткізу дәстүрге айналған. Әр күн белгілі бір тақырып аясында өтеді. Соның бірі 16 наурыз - «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр» күні деп аталады. Наурыз мейрамында халқымыздың мәдениеті мен ұлттық салт-дәстүрі ұлықталады. Қазақ халқының басты құндылықтарының бірі – салт-дәстүрі.
<https://www.instagram.com/reel/DHYUVYFN8bt/?igsh=dTdkYmVkOTF5dTB1>

Наурыз мерекесін тойлаудың жаңа форматына сәйкес, «Наурызнаманың» онкүндігі аясында 17 наурыз - Шаңырақ күні болып аталып өіледі.
<https://www.instagram.com/reel/DHYYhxNNGdx/?igsh=MXNrdjU2b31tNnRsag==>

ҰЛТТЫҚ КИМ-ҰЛТЫМЫЗДЫҢ АЙНАСЫ

Ұлттық киім - кез келген халық мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Ол жай ғана киім емес, бүтін ұлттын бет-бедерін айқындар ұлан-ғайыр тарих.

<https://www.instagram.com/reel/DHaqKKqNmoL/?igsh=MWZjNnE2M2FvbzB2Zw==>

18 наурыз- Ұлттық киім күні!

<https://www.instagram.com/reel/DHaqo8wtRad/?igsh=MWJpcG81OTM4dGp3OQ==>

19 наурыз - Жаңару күні. Өткенді қайта қарап, болашаққа жоспар құру кезеңі. Наурызнамаға еңгізілген бұл атаулы күнді биыл көктемгі ағаш егу дәстүрімен бастау ұсынылды. Мерекеге орай, бөбекжайымызда мерекелік іс-шара жоспарланды.

<https://www.instagram.com/reel/DHashFCNi7-/?igsh=MTdidmt4NjVxd29kOA==>

Наурызнама онкүндігі бойынша 20 наурыз «Ұлттық спорт» күні болып белгіленген. Ұлтық спорт түрлері мәдени мұраны сақтауға, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін күшейтуге ықпал етеді. Дәстүрлі спорт түрлері өмір сүру салты ар-намыс, батылдық, ептілік, күш-қайрат және жылдамдық, сияқты қасиеттерді бейнелейді.

<https://www.instagram.com/reel/DHatE2BN0U/?igsh=MTc1YWRzeWZpMG03Nw==>

22- Наурыз –Тазару күні.

https://www.instagram.com/reel/DHat_2INmXq/?igsh=MTlnMTBkOHQ1bmM=